

Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

**«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша
қорытынды аттестаттауға арналған
спецификация**

9-сынып

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

МАЗМҰНЫ

1	Бағалау мақсаты	3
1.1.	Оқу бағдарламасымен өзара байланысы.....	3
1.2	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	3
2.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	3
2.1.	Бағалау міндеттері	3
2.2.	Балдарды бөлу.....	4
2.3	Емтиханды өткізу тілі.....	4
3.	Емтиханды өткізу процесін басқару	4
4.	Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі.....	4
6.	Тапсырмалар үлгілері және балл қою кестесі.....	6

1 Бағалау мақсаты


Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМБС) сәйкес «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін анықтайды.

1.1. Оқу бағдарламасымен өзара байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жаңартылған білім беру мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Дүниежүзі тарихы» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі мен біліктілігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары МЖМБС-ның күтілетін нәтижелерімен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Қорытынды аттестаттау критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады, осы жүйеге сондай-ақ қалыптастырушы және жиынтық бағалау кіреді.



2. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Орындау уақыты	2 сағат
Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. А бөлімі бір таңдауы бар 15 тапсырмадан тұрады. Онда берілген 4 жауаптың ішінен 1 жауапты таңдауы керек. Тапсырма 1 балмен бағаланады. В бөлімі қысқа және толық жауапты қажет ететін 3-5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар 1- 6 балмен бағаланады. Тарихи картаны (атлас) қолдануға рұқсат берілмейді .	
Барлығы 30 балл	

2.1. Бағалау міндеттері

БМ 1	Білу және түсіну Білім алушылар әлеуметтік қатынастардың, мәдениеттің, мемлекеттің дамуы және экономикалық дамуы туралы біледі, түсінеді.
-------------	---

БМ 2	<p>Қолдану, жоғары деңгей дағдылары</p> <p>Білім алушылар тарихи оқиғаларды талдап, жүйелеп бағалай алуы керек; тарихи оқиғалардың сабақтастығы мен өзгерістерін көрсете алуы қажет; әлеуметтік және экономикалық қатынастардың дамуы туралы себеп-салдарлық байланысты, ұқсастық пен айырмашылықты жалпылап, қорытынды жасауы керек; саяси жүйелер мен мәдениеттің өзара байланысы мен дамуын білуі керек.</p> <p>Тақырыптарға сәйкес тарихи деректерді (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) қолданып, талдап, зерттеп және бағалай алуы керек.</p>
-------------	---

2.2. Балдарды бөлу

Бағалау міндеттеріне сәйкес балдарды бөлу кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	Барлығы
БМ 1	15
БМ 2	15
Барлығы	30

2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан оқу тіліне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде тапсырылады.

3. Емтиханды өткізу процесін басқару

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

4. Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі

Емтихан жұмысына балл қою үдерісін балл қою кестесі негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балл, балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік құрамы, %	Баға
0-11	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
12-19	40-64	3 (қанағаттанарлық)
20-25	65-84	4 (жақсы)
26-30	85-100	5 (өте жақсы)

5. Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде оқушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
5	Білім алушылар пән бойынша терең білімін көрсетеді. Әлеуметтік және экономикалық қатынастардың дамуын, саяси жүйе мен мәдениеттің дамуы мен өзара байланысын жан-жақты түсінеді. Тарихи оқиғаны талдау, жүйелеу және бағалау дағдыларын жоғары деңгейде көрсетеді; тарихи кезеңдердің өзгерістері мен сабақтастығын көрсетеді; әлеуметтік және экономикалық қатынастардың дамуы туралы себеп-салдарлық байланысты, ұқсастық пен айырмашылықты жалпылап, қорытындылайды; әлемдік тарихта саяси жүйелер мен мәдениеттің өзара байланысы мен дамуын анықтайды. Тақырыптарға сәйкес тарихи деректерді (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) жоғары деңгейде қолданып, талдап, зерттеп және бағалайды.
4	Білім алушылар пән бойынша жақсы білімін көрсетеді. Әлеуметтік және экономикалық қатынастардың дамуын, саяси жүйе мен мәдениеттің дамуы мен өзара байланысын түсінеді. Тарихи оқиғаны талдау, жүйелеу және бағалау дағдыларын жақсы деңгейде көрсетеді; тарихи кезеңдердің өзгерістері мен сабақтастығын көрсетеді; әлеуметтік және экономикалық қатынастардың дамуы туралы себеп-салдарлық байланысты, ұқсастық пен айырмашылықты жалпылап белгілі бір қорытындыға келеді; әлемдік тарихта саяси жүйелер мен мәдениеттің өзара байланысы мен дамуын анықтайды. Тақырыптарға сәйкес тарихи деректерді (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) жақсы деңгейде қолданып, талдап, зерттеп және бағалайды.
3	Білім алушылар пән бойынша базалық білімін көрсетеді. Әлеуметтік және экономикалық қатынастардың дамуын, саяси жүйе мен мәдениеттің дамуы мен өзара байланысын түсінеді. Тарихи оқиғаны талдау, жүйелеу және бағалау дағдыларын базалық деңгейде көрсетеді; тарихи кезеңдердің өзгерістері мен сабақтастығын көрсетеді; әлеуметтік және экономикалық қатынастардың дамуы туралы себеп-салдарлық байланысты, ұқсастық пен айырмашылықты жалпылап, кейбір қорытындылар жасайды; әлемдік тарихта саяси жүйелер мен мәдениеттің өзара байланысы мен дамуын анықтайды. Тақырыптарға сәйкес тарихи деректерді (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ішінара қолданып, талдап, зерттеп және бағалайды.
2	Білім алушыда пән бойынша базалық білімі жоқ.

6. Тапсырмалар үлгілері және балл қою кестесі

А бөлімі

Берілген А, В, С және D төрт мүмкін жауаптардың ішінен дұрыс **бір** жауапты белгілеңіз.

1. Әскери қызметі үшін сеньордан мұраға алынатын жер.
A) Епархия
B) Домен
C) Барщина
D) Феод [1]
2. Қайта өрлеу дәуірінің суретшісі, «Мона Лиза» картинасының авторы.
A) Рафаэль Санти
B) Сандро Боттичелли
C) Эль Греко
D) Леонардо да Винчи [1]
3. XVII ғасырдағы Ұлы Француз революциясының негізгі себептерінің бірі.
A) Қоғамның үш сословиеге бөлінуі
B) Абсолютизмнің дағдарысы
C) Мемлекет территориясына миграцияға тыйым салу
D) Үшінші сословие өкілдерін заңмен қорғау [1]
4. АҚШ-тың «Тәуелсіздік Декларациясының» авторы.
A) Дж. Локк
B) К. Кавур
C) О. Бисмарк
D) Т. Джефферсон [1]
5. Солтүстік Американың Оңтүстік колониясына тән белгі.
A) ұсақ фермерлік шаруашылықтың дамуы
B) капиталистік қатынастардың дамуы
C) ірі плантациялық шаруашылықтың болуы
D) жалдамалы еңбек күшін пайдалану [1]
6. Маньчжурлар жаулап алғаннан кейін Қытай Цин мемлекеті деп атала бастаған жыл.
A) 1642 жылы
B) 1643 жылы
C) 1644 жылы
D) 1645 жылы [1]
7. Сунь Ятсеннің «үш халық принципінің» бірі
A) Халық еркіндігі
B) Халық игілігі
C) Халық ұқыптылығы
D) Халық қолдауы [1]

8. Антанта әскери-саяси одағы ... біріктірді.
А) Ұлыбритания, Германия, Австрию-Венгрияны
В) Франция, Ұлыбритания, Ресейді
С) Германия, Болгария, Түркияны
D) Сербия, Австро-Венгрия, Ресейді [1]
9. Бірінші дүниежүзілік соғысқа түрткі болған жағдай.
А) Англияда жалпы мобилизацияның жариялануы
В) Австрия-Венгрия тақ мұрагері Франца-Фердинандтың өлтірілуі
С) Германиядағы Кайзердің хаты
D) Германияның АҚШ-қа су асты соғысын жариялауы [1]
10. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы ең ірі әскери операциялардың біріндегі бұл шайқаста екі жақ та миллионға жуық адамынан айырылды.
А) Верден шайқасы
В) Амьен шайқасы
С) Марна шайқасы
D) Брусиллов шабуылы [1]
11. Германияда нацистердің билікке келуімен ... орнады.
А) Либералды демократиялық республика
В) Социалистік республика
С) Пролетариат диктатурасы
D) Тоталитарлық диктатура [1]
12. ... КСРО Ұлттар Лигасынан шығарылды.
А) Балтық жағалауының территориясына әскер енгізгеннен кейін
В) Польша территориясына әскер енгізгеннен кейін
С) Финляндиямен соғыс бастағаннан кейін
D) Иран территориясына әскер енгізгеннен кейін [1]
13. Италиядағы фашизмнің Германиядағы нацизмнен басты айырмашылығы -
А) мемлекет мүддесінің басымдығы
В) антидемократизм
С) корпоратизм
D) антикоммунизм [1]
14. XX ғасырдың басындағы Жапониядағы модернизацияның ерекшелігі ... болды.
А) отаршылдық езгінің сақталуы
В) экспансия мен милитаризацияның жүзеге асырылуы
С) КСРО үлгісіндегі модернизацияны жүзеге асыру
D) дамыған азаматтық қоғамның қалыптасуы [1]
15. Екінші дүниежүзілік соғыс барысындағы «Мәскеу үшін шайқастың» маңызы қандай болды?
А) Стратегиялық бастама кеңес одағына өтті
В) Қауырт соғыс жоспары күйреді
С) Еуропада екінші фронт ашылды
D) Стратегиялық бастама немістердің қолына өтті [1]

В бөлімі

Өз біліміңізді, сурет пен мәтінді пайдалана отырып сұрақтарға жауап беріңіз.



«Таңертең окоптар көрінді. Окоптар ішіндегі сарбаздар машиналардың қорқынышты бейнесінен үрейленді. Сарбаздар мылтықтан және пулеметтен оған дауылды оқ жаудыртты. Бірақ оқтар зиян келтірмей машинаның қабырғаларынан ыршып, жүйткіп өте шыға берді. Окоптарға жақындаған кезде сол машиналар пушкалары мен пулеметтерінен оқ жаудырды. Снаряд пен оқтардың легінен сарбаздарға окопта жату қолайсыз болды. Алайда сарбаздар әлі де болса машиналар сым қоршауды бұзып өте алмайды деп үміттенді. Сым қоршаулар оған еш кедергі жасай алмады. Машиналардың артынан жаяу әскер шықты. Машиналар олар үшін қоршауды бұзып жол ашып берді».

Бірегей және парадоксалды әскери техника / Ю.Ф. Каторин, Н.Л. Волковский, В.В. Тарнавский. — СПб: ООО «Издательство «Полигон», 2003

16. **Мәтін** мен **суретті** пайдаланып Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде алғаш рет қолданылған қарудың бірін анықтаңыз.

[1]

"Сағат 5-те зеңбіректердің дыбысы шықты. Өзеннің үстінде ауыр снарядтар жарыла бастады. Майданға жақын жердегі адамдар жағымсыз иісті сезінді. Солтүстік окоптарға жақын жерде болған адамдар жасыл-сары тұманнан екі елесті көрді. Олар баяу жүріп өтіп бір-біріне қосылғанға дейін біртіндеп ыдырады. Одан әрі ол жылжи отырып, көк-ақ бұлтқа айналды... Офицерлер үрейлене қашқан адамдардың легін көрді".

Пуанкаре Р. «Франция қызметінде. Естеліктер»

17. Мәтінді қолданып, жаппай қырып-жою қаруын қолдану кезеңінің басталуы болған оқиғаны анықтаңыз.

[1]

Берілген ресурстарды қарап, сұрақтарға жауап беріңіз.

А ресурсы

Германияға қатысты Версаль шартының талаптары:

1. 1870 жылы Эльзас және Лотарингияны Францияға қайтару.
2. Германиядағы жалпы әскери міндеткерлікті толық қарусыздану және жою.
3. Кейбір аймақтар Польшаға, Бельгияға, Данияға, Чехословакияға берілуі.
4. Германия 10 жыл бойы Францияға, Бельгияға, Италияға миллиондаған тонна көмірді жеткізуге міндеттелуі. Репарация сомасының 132 млрд. алтын марка көлемінде болуы.

5. Су асты флотын ұстауға тыйым салынуы. Германияның қалған әскери кемелері одақтастарға берілуге немесе жойылуға тиісті болуы. Флот құрамы 15 мың адам көлемінде шектелуі.

6. Одақтық державаларға бояғыш заттар мен химиялық өнімдер қорының жартысын беруі.

Потёмкин В. П. Дипломатия тарихы. — М., 1945. — Т. 3: Екінші дүниежүзілік соғысқа даярлық алдындағы дипломатия (1919—1939 жж.). — 884 б.

В ресурсы

Сіздер Германиядан оның отарларын ғана тартып ала аласыздар! Оның әскерін полиция күшіндей ғана етіп қысқарта аласыздар! Оның флотын бесінші деңгейдегі мемлекеттің флоты деңгейіне дейін қысқарта аласыздар! Бәрібір бұл нәтижесіз болады: Германия 1919 жылғы бейбіт келісімді әділетсіз деп шешсе, онда олар жеңген мемлекеттерден кек қайтару үшін қажет қаражатты қайтсе де іздеп табады.

Ұлыбритания премьер-министрі Ллойд Джордждің сөзінен, 1919 ж.

С ресурсы

1921-1922 жылдары АҚШ-тың бастамасы бойынша теңіз қару-жарағын шектеу және Қиыр Шығыс пен Тынық мұхит бассейнінің мәселелері туралы Вашингтон халықаралық конференциясы өтті. Конференцияға қатысушы елдер үш келісімге қол қойды:

"Төрттік шарт". 1921 жылдың желтоқсанында қол қойылды. Шартқа Франция, Англия, Жапония және АҚШ қатысты. Келісімшарт қатысушы елдердің Тынық мұхиттағы иеліктеріне қол сұғылмауын көздеді.

"Бестік шарт". 1922 жылдың ақпанында қол қойды. Келісім теңіз қару-жарағының шектеулі санын пайдалануды көздеді.

"Тоғыздық шарт". Халықаралық қатынастарға "Ашық есік" қағидаты енгізілді. Негізінен шарт Қытай елінің мәселесіне бағытталған. Бұл шарт Жапонияның Қытайдағы монополиялық үстемдігіне қарсы болған.

АҚШ осы конференцияда Қытай мен Тынық мұхит бассейнінде теңіз қару-жарағы және күштердің жаңа арақатынасын бекіту туралы өзіне қолайлы мәселені шешуге қол жеткізуге үміттенді. Конференция сондай-ақ отар және тәуелді елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына қарсы бағытталған. Конференцияға шақыру алмаған Кеңес үкіметі 1921 жылдың 19 шілдесі мен 2 қарашасында конференция мәселелеріне қатыспағандығына қарсы наразылық мәлімдеді. 1921 жылдың 8 желтоқсанында Қытай-Шығыс темір жолы туралы мәселені талқылауға қарсы наразылығын білдірді.

Версаль және Вашингтон шарттары Версаль-Вашингтон жүйесі деп аталады.

Головин, Н.; Бубнов, А. XX ғасырдағы Тынық Мұхиты мәселесі. (XII бөлім: Вашингтон конференциясы). — М., 2004. — 368 б.

18. А ресурсын қолданып, Версаль шартының талаптарын шекаралық, экономикалық, әскери салалар бойынша жіктеңіз.

Шекаралық	Экономикалық	Әскери

[6]

19. **А, В, С ресурстарын** және өз біліміңізді пайдаланып берілген кестені толтырыңыз.



[4]

20. Халықаралық қатынастардағы Версаль-Вашингтон жүйесінің қорытындыларына **үш** аргумент келтіріп баға беріңіз.

[3]

Балл қою кестесі

А бөлімі									
№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат						
1	D	1							
2	D	1							
3	B	1							
4	D	1							
5	C	1							
6	C	1							
7	B	1							
8	B	1							
9	B	1							
10	A	1							
11	D	1							
12	C	1							
13	D	1							
14	B	1							
15	B	1							
В бөлімі									
16	Танк	1							
17	Ипр қаласының маңында алғаш рет химиялық қаруды қолдану	1	Алғашқы газ қаруын қолдану деген жауап та қабылданады						
18	<table border="1"> <tr> <td>Шекаралық</td> <td>Экономикалық</td> <td>Әскери</td> </tr> <tr> <td>1,3</td> <td>4,6</td> <td>2,5</td> </tr> </table>	Шекаралық	Экономикалық	Әскери	1,3	4,6	2,5	6	
Шекаралық	Экономикалық	Әскери							
1,3	4,6	2,5							
19	<p>Версаль-Вашингтон жүйесінің әділетсіздігінің белгілері:</p> <p>1) ең алдымен Германияның ауыр жағдайы;</p> <p>2) келісім-шартқа Кеңестік Ресей тартылмаған. Ол әлемдік мәселелерді шешуден шеттетілді.</p> <p>Версаль-Вашингтон жүйесінің күйреу себептері:</p> <p>1) Германияда Версаль жүйесінің шешімдері ұлттық кемсіту ретінде қабылданды, оларды кек қайтаруға итермеледі, бұл ұлттық-социалисттердің билікке келуіне жағдай туғызды.</p> <p>2) жүйе тек қана жеңімпаз-державалардың мүдделерін қорғады</p>	4	Білім алушы өз біліміне сүйеніп басқа себептер жазуы мүмкін, мысалы: 1929-1933 жылдардағы экономикалық дағдарыс, Версаль-Вашингтон жүйесінде Германия және Жапониямен келісімнің біржақты қаралуы.						

20	<p>Халықаралық қатынастардағы Версальско-Вашингтон жүйесінің қорытындыларын бағалау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 1930 жылдардың соңында Версаль-Вашингтон жүйесінің күйреуі мемлекеттер арасындағы қақтығыстарға алып келді. Яғни, екінші дүниежүзілік соғыс заңды құбылыс болды. Мемлекеттер қалыптасқан жағдайды өз мүддесінде барынша пайдалануға ұмтыла отырып, өз саясатын құруды жалғастырды. 2) АҚШ, Германия және КСРО халықаралық қатынастар жүйесін толық қайта құруға ұмтылды, ал Англия мен Франция оны ішінара жаңғыртуға ғана келісті, ал Италия мен Жапония аралық позицияға ие болды. Нәтижесі Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы болды. Басқа да қақтығыстар сияқты, ол ол империалистік сипатта болды, сонымен қатар қоршауда қалған мемлекеттер мен шекаралардың азаттық күресіне айналды. 3) Версаль-Вашингтон жүйесінің басты мәселелерінің бірі халықаралық экономикалық өзара іс-қимылдың дамымаған жүйесі болды. Жаңа жүйе Шығыс және Орталық Еуропа арасындағы экономикалық байланыстарды толығымен үзді. Бір Бірыңғай экономикалық нарық болмады, оның орнына ондаған оқшауланған нарық болды. Еуропада экономикалық құлдырау орын алды, оны дамыған елдер де еңсере алмады. 	3	Білім алушы алған білімінің негізінде өзінің бағалауын толықтыруы мүмкін. Балама жауаптар қабылданады
Барлығы	30		